

Ә.Б. Ақпаева
Л.А. Лебедева
М.Ж. Мыңжасарова
Т.В. Лихобабенко

МАТЕМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің
1-сынып оқушыларына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған



АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ


2021

ӘОЖ 373.167.1


КБЖ 22.1я 71

М 29

ОҚУЛЫҚПЕН ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК



! Оқулықтағы мәтінді мұғалім оқиды.

QR  – сабаққа арналған бейнематериалдар (мұғалім сыныпта, оқушы үйде қолданады)

Оқулықта QR-кодты қолдану бойынша нұсқаулық

1. Смартфон немесе планшетіңіздің камерасын QR-кодқа бағыттаңыз.
 2. Сілтеме пайда болғанша күтіңіз.
 3. Керекті ресурсқа өту үшін, «OK»-ді басыңыз.
- Егер сіздің құрылғыңыз QR-кодты анықтай алмаса, онда QR-кодты оқуға арналған кез келген тегін қосымшаны жүктеп алыңыз. Мысалы, QR-Code Reader-ден немесе Google Play Market және AppStore қосымшалар дүкенінен жүктеп алуға болады.

Құрметті ұстаздар мен ата-аналар! Баланың смартфон мен планшетті дұрыс пайдалануын қадағалау үшін, оқулықтың QR-кодымен жұмыс істегенде ата-ананың бақылау режимі қосұлы тұрсын.

«Математика» оқу-әдістемелік кешенінің құрамына оқулық, жұмыс дәптері және мұғалімге арналған әдістемелік нұсқау кіреді. Электрондық оқулық баспаның www.topiq.kz платформасында орналасқан.

М 29 Математика. Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып оқушыларына арналған оқулық. 2-бөлім. /Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова, Т.В. Лихобабенко. Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2021. – 152 б., суретті.

ISBN 978-601-01-4565-8
2-бөлім. – 2021. – 152 б., суретті
ISBN 978-601-01-4567-2

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 22.1я 72

ISBN 978-601-01-4567-2 (2-бөлім)
ISBN 978-601-01-4565-8 (жалпы)

© Ақпаева Ә. Б., Лебедева Л. А., Мыңжасарова М. Ж., Лихобабенко Т. В., мәтіні, 2021
© «АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС, 2021



ҚҰРМЕТТІ ОҚУШЫ!

Саған «Математика» оқулығының екінші бөлімі ұсынылып отыр. Сен көп нәрсе үйреніп білдің. Сырым мен Әлия оқу жылының екінші жартысында тағы да сенімен бірге болады. Олар саған оқулық бетінде дұрыс бағыт-бағдар беріп отырады.

Қызығушылықпен оқы, білімге деген ынтаң жоғары болсын. Математика – талаптыларға, терең ойлайтындарға арналған ғылым. Бірде-бір жетістік оңайлықпен жеңіл келмейді, сондықтан ерінбе.

Оқулық саған математика әлемінің қыр-сырын ашады. Сен алған біліміңді сабақта ғана емес, күнделікті өмірде де қолдануды үйренесің.

Біз, оқулық авторлары, сенің оқуда жетістіктерге жетуіңе тілектеспіз!




III ТОҚСАН

САЯХАТ. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ



Есеп

- шарты
- сұрағы
- шешуі
- жауабы




Бұл бөлімде:

- әртүрлі есептермен танысасың, оларды шығаруды үйренесің;
- сағат бойынша уақытты анықтауды үйренесің;
- уақыт өлшем бірліктерін: минут, сағат, күн, апта, ай, жылды ажыратуды үйренесің;
- теңдік, теңсіздік дегеннің не екенін білесің;
- санды, әріпті өрнектер құрасың, оларды оқисың, жазасың;
- теңдеу шешуді үйренесің.

$$12 + 1 > 11 + 1$$



Қосу және азайту – өзара кері амалдар




ҚАЙТАЛАУ

Алған білімдеріңді қолданасың.

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

1 Суретке қара. Неше бала саяхатқа шықты? Ересектер нешеу? Төмендегі жазуларды түсіндір.



Түсіндір.

$$5 + 3 = 8$$

$$8 - 3 = 5$$

$$3 + 5 = \square$$

$$8 - \square = \square$$

ЕСІНДЕ САҚТА!

Қосу және азайту – өзара кері амалдар.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Бос орындарға тиісті сандарды ата. Сандардың өзара қалай байланысқанын түсіндір.

$$5 + 2 = 7$$

$$\square - 5 = 2$$

$$5 + 4 = 9$$

$$\square - 5 = 4$$

$$\square + 5 = 7$$


$$\square - 2 = 5$$

$$4 + \square = 9$$

$$\square - 4 = 5$$


ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Қосу мен азайтуға өзара байланысты мысалдар құрастыр.



МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

4 Екі себетке бөліп салуға көмектес. Әрқайсысында 7 килограмнан болатындай орналастыр.



СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Қай заттың суреті қойылмаған?





ПЫСЫҚТАУ


Қосу және азайту амалдары компоненттерінің арасындағы байланысты табасың.

- 1 Суретке қара.
Әрбір сан нені білдіретінін түсіндір.

Бірінші пойызда 30 вагон.

Екінші пойызда 20 вагон.

Екі пойызда вагон.



$$\begin{aligned} 30 + 20 &= \text{■} \\ 20 + 30 &= \text{■} \\ \text{■} - 20 &= 30 \\ \text{■} - 30 &= 20 \end{aligned}$$

Есептеуді қалай тексереді?

ЕСІНДЕ САҚТА!

$$30 + 20 = 50$$

Қосуды тексеру үшін қосындының мәнінен қосылғыштардың біреуін азайту қажет, сонда екінші қосылғыш шығады.

$$50 - 20 = 30$$

$$50 - 30 = 20$$

ЕСІНДЕ САҚТА!

$$50 - 20 = 30$$

Азайтуды тексеру үшін:

1-тәсіл. Айырманың мәніне азайтқышты қоссаң, азайғыш шығады.

$$30 + 20 = 50$$

2-тәсіл. Азайғыштан айырманың мәнін кемітсең, азайтқыш шығады.

$$50 - 30 = 20$$

Пойызбен саяхатқа шығу

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Қосынды мен айырма құрастыр. Олардың мәнін тап. Қалай тексеруге болатынын түсіндір.

Қосылғыш	30	10	40
Қосылғыш	20	50	20
Қосындының мәні			
Азайғыш	100	70	80
Азайтқыш	80	10	10
Айырманың мәні			

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Бос орындарға тиісті сандарды ата.

$\square + 40 = 100$ $\square + 50 = 80$ $90 - \square = 10$ $\square - 40 = 50$

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ


4 Тапсырманы орында.

Вагонға әжесі, анасы мен немересі кірді. Олар үш орынға қалай отыруы мүмкін? Әртүрлі нұсқаларды ұсын.



СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Саяхатшылар пойыздың терезесінен мынадай көріністерді көрді. Әр жағдайда сағат қандай уақытты көрсетуі мүмкін?





ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ


Есеп дегеннің не екенін білесің.

1

Сырым мен Әлия ұшақпен саяхатқа шығуға жиналды. Олар әуежайдағы ұшақтарды бақылап, оларды санады.



Ұшу алаңында 6 ұшақ тұр. 2 ұшақ келіп қонды.



Неше ұшақ болды?

Есеп мынадай бөліктерден тұрады:

Есептің шарты



Ұшу алаңында



тұрды.



келіп қонды.

Есептің сұрағы



Неше ұшақ болды?

Есептің шешуі



$6 + 2 = 8$ (ұ.)

Есептің жауабы



8 ұшақ болды.

Тұрды	-	<input type="text"/>	ұ.
Қонды	-	<input type="text"/>	ұ.
Болды	-	<input type="text"/>	ұ.
<input type="text"/>	+	<input type="text"/>	= <input type="text"/> (ұ.)
Жауабы:		<input type="text"/>	ұшақ.

Ұшақпен саяхатқа шығу


ЕСІНДЕ САҚТА!

Есептің берілуін қысқаша жазуға немесе сұлбасын салуға болады.

Қысқаша жазылуы



Сұлба



ЖҮПТЫҚ ЖҰМЫС


2 Есепті оқы. Есептің қысқаша жазылуы мен сұлбасын түсіндір.

Ұшақта 70 адам болды. Ұшақтан 30 адам шықты. Неше адам қалды?

Болды – 70 а.

Шықты – 30 а.

Қалды – ? а.



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастыр. Оларды шығар.

а) Болды – 100 б.
Сатылды – 70 б.
Қалды – ? б.

ә) Отырды – 70 а.
Келді – 20 а.
Болды – ? а.



МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

4 Неше сағат өтті?





ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.



1 Есепті оқы. Шартын, сұлбасын толтыру үшін қандай деректер қажет?

Ұшу кезінде балалар ойын ойнады. Әлия 10 қаланың, Сырым 20 қаланың атауын айтты. Екеуі бірге неше қаланың атауын айтты?



Есептің берілуін қысқаша жаз немесе сұлбалардың біреуін толтыр.

Әлия	-	<input type="text"/>	қ.	} ? қ.
Сырым	-	<input type="text"/>	қ.	



Берілген сандардың ішінен кез келген екі санды таңдап, есеп құрастыр. Оны шығар.

20

30

40


50

Әртүрлі елдерге ұшақпен саяхат

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Есепті шығар. Есепке сәйкес сұлбаны таңда.

Энциклопедияда 50 мемлекеттің туы берілген. Сырым 30 елдің туын есіне сақтап алды. Ол әлі неше елдің туын есіне сақтауы керек? Сен қандай мемлекеттердің туын білесің?





МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

3 Бортсеріктер жолаушыларға сусын ұсынды. Әрқайсысы неше литр сусыннан әкелді? Салыстыр.



СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 Бос торкөздер мен глобустардағы сандарды ата.





ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.

1



Есеп құрастырып, оны шығар.
 Былай баста: Тұрақта 10 велосипед тұрды.
 Балалар серуендеу үшін велосипедті алып кетті.





Балды - в.

Алып кетті - в.

Қалды - ? в.

- = (в.)

Жауабы: велосипед.



Велосипедпен саяхатқа шығу

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Есептерді шығар.

а) Балалар денешынықтыру сабағының мұғалімімен бірге велосипедпен саяхатқа шықты. Олардың 5-еуі қыз және 4-еуі ұл. Барлығы неше бала саяхатқа шықты?

ә) Саяхатқа 9 бала шықты. Белгіленген орынға бірінші болып 6 бала жетті. Жолда әлі неше бала бар?



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Есепте. Досыңнан тексеруін сұра.

$60 + 30$

$70 + 20$

$60 - 40$

$100 - 10$

$60 + 20$

$80 + 10$

$70 - 20$

$100 - 40$

$40 - 20$

$40 + 20$

$50 + 30$

$100 - 100$

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 «Сиқырлы» сандарды тап.

$3 \text{ blue bicycles} = 90$

$1 \text{ road bicycle} = ?$

$1 \text{ blue bicycle} + 1 \text{ road bicycle} = 50$

$1 \text{ blue bicycle} = ?$

$1 \text{ road bicycle} + 1 \text{ yellow tricycle} + 1 \text{ road bicycle} = 80$

$1 \text{ yellow tricycle} = ?$





ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

Есепке талдау жасауды,
шығаруды үйренесің.

1 Есептер құрастырып, оларды шығар.

Балалар орманға саңырауқұлақ теруге келді.
Олар томарқұлақ пен арыш тапты.



Есептердің қандай айырмашылығы бар? Не байқадың?

а

Томарқұлақ – 5 д.
Арыш – 3 д. } ? д.
 $5 + 3 = 8$ (дана)
Жауабы: 8 дана
саңырауқұлақ.

ә

Томарқұлақ – 5 д.
Арыш – ? д. } 8 д.
 $8 - 5 = 3$ (дана)
Жауабы: 3 дана
арыш.

б

Томарқұлақ – ? д.
Арыш – 3 д. } 8 д.
 $8 - 3 = 5$ (дана)
Жауабы: 5 дана
томарқұлақ.

ЕСІНДЕ САҚТА!



Мұндай есептер кері есептер (өзара кері есептер) деп аталады.


Есептің шартындағы белгілі шама ізделінді шамаға айналатын есепті берілген есепке кері есеп деп атайды.

Велосипедпен саяхатқа шығу


ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Есептерді шығар. Оларды салыстыр.


а) Әлия 10 саңырауқұлақ, ал Сырым 20 саңырауқұлақ терді. Екеуі бірге неше саңырауқұлақ терді?



ә) Әлия мен Сырым екеуі 30 саңырауқұлақ терді. Әлия 10 саңырауқұлақ терді. Сырым неше саңырауқұлақ терді?



б) Әлия мен Сырым екеуі 30 саңырауқұлақ терді. Сырым 20 саңырауқұлақ терді. Әлия неше саңырауқұлақ терді?



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Есепте.



$$30 + 20$$

$$70 - 40$$

$$60 - 30$$

$$10 + 80$$

$$100 - 60$$

$$80 - 40$$


$$90 - 70$$

$$30 + 40$$



МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

4 «Математикалық жарыс».





ПЫСЫҚТАУ



Есептер шығарасың.

- 1 Ертеде адамдар сауда жасау үшін жолға түймен шыққан. Оны «керуен» деп атаған.





Есеп құрастыр. Сұлбасын сал. Оны шығар.

- а) $\left. \begin{array}{l} 1\text{-керуенде} - 20 \text{ т.} \\ 2\text{-керуенде} - 10 \text{ т.} \end{array} \right\} ? \text{ т.}$





Кері есептер құрастыр және шығар.

- ә) $\left. \begin{array}{l} 1\text{-керуенде} - ? \text{ т.} \\ 2\text{-керуенде} - 10 \text{ т.} \end{array} \right\} 30 \text{ т.}$



- б) $\left. \begin{array}{l} 1\text{-керуенде} - 20 \text{ т.} \\ 2\text{-керуенде} - ? \text{ т.} \end{array} \right\} 30 \text{ т.}$



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Есепті шығар. Кері (өзара кері) есептер құрастыр. Олардың біреуін шығар.

Бірінші түйеге 40 кг, ал екіншісіне 50 кг жүк артылған. Екі түйеге барлығы неше килограмм жүк артылды?

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Суреттер бойынша есептер құрастыр.

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 «Сиқырлы» сандарды тап.

+ + = 90


+ + = 50

= ? = ?

+ + = 30

+ + = 20

= ? = ?





ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

1



Балалар өз еліне саяхатқа шығар алдында Қазақстанның қалалары туралы көбірек біліп алмақшы болды.



Нұр-Сұлтан



Алматы



Ақтау



Ақтөбе


Есептерді шығар. Оларды салыстыр. Әр есепке оның қысқаша жазылуы мен сұлбасын таңда.

а) Сырымға Қазақстанның 8 қаласының атауын жаттап алу тапсырылды. Ол 6 қаланың атауын жаттап алды. Нешеуі қалды?


ә) Сырымға Қазақстан қалаларының атауын жаттап алу тапсырылды. Ол 6 қаланың атауын жаттап алды. 2 қаланың атауы қалды. Оған барлығы неше қаланың атауын жаттап алу тапсырылды?

б) Сырымға Қазақстанның 8 қаласының атауын жаттап алу тапсырылды. Егер ол әлі 2 қаланың атауын жаттау керек болса, онда ол нешеуін жаттап алған?


Тапсырылды – 8 а.
Жаттап алды – 6 а.
Қалды – ? а.



Тапсырылды – 8 а.
Жаттап алды – ? а.
Қалды – 2 а.



Тапсырылды – ? а.
Жаттап алды – 6 а.
Қалды – 2 а.




Қазақстанның қалаларына саяхат


ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Есептерді оқы. Әр есептің сұлбасын тап. Есептердің шешуін жаз.


а) Ұзындығы 60 см таспадан бірнеше сантиметр қиып алынды. Онда тағы 20 см таспа қалды. Неше сантиметр таспа қиып алынды?



ә) Таспадан 40 см қиып алынды. Онда тағы 20 см таспа қалды. Таспаның ұзындығы қандай болған?



в) Ұзындығы 60 см таспадан 40 сантиметр қиып алынды. Неше сантиметр таспа қалды?



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Қосынды және айырма жаз. Олардың мәнін тап. Қалай тексеру керектігін түсіндір.

Қосылғыш	40	20
Қосылғыш	30	80
Қосындының мәні		
Азайғыш	90	60
Азайтқыш	30	50
Айырманың мәні		

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 Карточкалардан сан таңда. Қосу мен азайтуға мысалдар құрастыр.

2

3

4

5

6

7

8



Есептер шығару

ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.



ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

1 Есепті шығар.


Биылғы жылы Нұр-Сұлтанда 5 мектеп, ал облыстарда 3 мектеп салынды. Барлығы неше мектеп салынды? Кері есептер құрастыр.



Есептің берілуін қысқаша жаз.

$$\left. \begin{array}{l} \square - \square \\ \square - \square \end{array} \right\} ?$$

Сұлбалардың біреуін толтыр.



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Амалдардың белгісіз компоненттерін ата және жаз. Досыңнан тексеруін сұра.

$6 + \square = 9$

$10 - \square = 9$

$\square - 6 = 4$

$\square + 5 = 10$

$\square + 20 = 80$

$90 - \square = 10$

$8 + \square = 9$

$80 - \square = 30$

$\square - 10 = 80$

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Есепке сәйкес қысқаша жазылуы мен сұлбасын таңда. Оны шығар.


Қалада 50 гүлзар болды.
30 гүлзар суарылды. Суарылмаған неше гүлзар қалды?



Болды – 50 г.

Суарылды – 30 г.


Қалды – ? г.



Болды – 50 г.

Суарылды – ? г.


Қалды – 20 г.



Болды – ? г.


Суарылды – 30 г.

Қалды – 20 г.



МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

4 Саяхаттан оралған балалар фотосуреттерге арнап жақтау дайындамақшы болды. Бір жақтауға неше сантиметр тақтайша керек?



СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Үйшіктерде ■, ●, ▲ тұрады.

▲ пен ● үлкен терезесі бар үйшіктерде, ал ● пен ■ – биік шатыры бар үйшіктерде тұрады. Әр фигура қандай үйшікте тұрады?



ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ


Есептер шығарасың.



ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

1 Есепті шығар.

Цирк аренасында үйретілген иттер өнер көрсетті. Оларда 5 қызыл доп, одан 3-еуі артық жасыл доп болды. Үйретілген иттерде жасыл доп нешеу?



Қызыл доп	-	□	дана
Жасыл доп	-	?	дана, □ артық,

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Есептерді шығар.

- а) Суретші 7 қызғалдақ пен одан 2-еуі артық гүл-
кекіренің суретін салды. Суретші неше гүлкекіренің
суретін салды?
ә) Суретші 9 гүлкекіре мен одан 2-еуі кем қыз-
ғалдақтың суретін салды. Суретші неше қызғал-
дақтың суретін салды?



Қ. – дана

Г. – дана

Г. – ? дана, артық

Қ. – ? дана, кем

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Есептің шартын толықтырып, берілуін қысқаша
жаз. Хайуанаттар бағында 3 ересек маймыл мен
олардан 2-еуі ... кішкентай маймыл бар.
Хайуанаттар бағында қанша кішкентай маймыл бар?



–

– ?, 2 ...

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

4 Таспалардың ұзындығын өлше. Түсі бірдей таспалар-
дың жұбын салыстыр. Салыстыру нәтижесін жаз.



Есептер шығару


ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.




ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

1 Суреттерге қара. Егер мысалдарды дұрыс есептесең, саябақтардың атауын білесің.



10

28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағы
 $10 - 7 + 4 + 2$



9

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті саябағы
 $6 + 3 - 4 + 5$

2 Есепті шығар.

Саябаққа отырғызу үшін 15 жәшік қызыл, одан 5 жәшігі кем сары гүл әкелінді. Неше жәшік сары гүл әкелінді?

Қысқаша жазылуы бойынша кері есеп құрастыр.

-

- ?, кем


-

- ?, артық



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Есептерге сұлба таңда. Оларды шығар.

а) Саябақта концерт өтіп жатыр. Бишілер 10 би билеуі тиіс. Олар 3 би биледі. Биленбеген неше би қалды?



ә) Концертке бір мектептен 70 бала, ал екінші мектептен біріншіге қарағанда 30 бала артық келді. Екінші мектептен неше бала келді?



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

4 Салыстыр.


6 дм	-	4 дм	*	5 дм	-	2 дм
30 см	*	100 см	-	40 см		
30 см	+	10 см	*	40 см	-	20 см

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Бос торкөзге қай фигураны таңдау керек?

			1	2	3
		?			
			4	5	6





ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

Есептер шығарасың.

1 Тапсырманы орында.



Шабадандар мен қапшықтарды сана.

Шабаданға қарағанда жолқапшықтың нешеуі артық?
Жолқапшыққа қарағанда шабаданның нешеуі кем?


Есеп құрастырып, оны шығар.

Есепті былай жазуға болады:

Жолқапшық – 8 дана

Шабадан – 5 дана

? артық



ЕСІНДЕ САҚТА!

Бір санның екінші саннан нешеуі артық немесе нешеуі кем екенін білу үшін, үлкен саннан кіші санды азайту қажет.

Ж.	–	<input type="text"/>	дана	↔	?	дана артық
Ш.	–	<input type="text"/>	дана	↔		

Саяхат әуежайдан басталады

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Әр есепке сәйкес қысқаша жазылуын таңда және шығар.

- а) 7 жолқапшық пен 5 шабадан тұр. Шабаданға қарағанда жолқапшықтың нешеуі артық?
- ә) 7 жолқапшық пен одан 2-еуі кем шабадан тұр. Неше шабадан тұр?
- б) 5 шабадан мен одан 2-еуі артық жолқапшық тұр. Неше жолқапшық тұр?

1

<input type="text"/>	-	<input type="text"/>
<input type="text"/>	-	?, <input type="text"/> кем

2

<input type="text"/>	-	<input type="text"/>
<input type="text"/>	-	?, <input type="text"/> артық


3

<input type="text"/>	-	<input type="text"/>	↔ ? ...
<input type="text"/>	-	<input type="text"/>	

Бұлар – кері (өзара кері) есептер.

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

3 Әр отбасы жүгінің жалпы массасын есепте. Салыстыр.



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

4 Есепте. Тексер.



70 - 30	70 - 70
90 - 20	90 - 30
10 + 80	70 + 20

60 + 10	80 + 20
80 - 80	50 + 50
80 - 20	40 + 40





ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

1

Сырым ата-анасымен бірге саяхатқа жиналды. Олар өздерімен бірге сол аймақтың планы мен өлшеуге арналған құралдарын алды.



Олар планға мәшинемен жүретін жолдарды кесінділермен белгіледі. Көк кесінділердің, қызыл кесінділердің ұзындықтарының қосындысын тап. Қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастыр.

$$\left. \begin{array}{l} \text{Қызыл} - \square \\ \text{Көк} - \square \end{array} \right\} ?$$

$$\left. \begin{array}{l} \text{Қызыл} - ? \\ \text{Көк} - \square \end{array} \right\} \square$$

$$\left. \begin{array}{l} \text{Қызыл} - \square \\ \text{Көк} - ? \end{array} \right\} \square$$

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Есептерді оқып, оларды салыстыр. Есептерге қысқаша жазылуын таңда. Олардың біреуін жазып, шығар.

- а) Әкем ұзындығы 2 дм көк кесінді, одан 1 дм ұзын қызыл кесінді сызды. Қызыл кесіндінің ұзындығы қанша?
- ә) Әкем ұзындығы 3 дм қызыл кесінді, одан 1 дм қысқа көк кесінді сызды. Көк кесіндінің ұзындығы қанша?
- б) Әкем ұзындығы 2 дм көк кесінді, ұзындығы 3 дм қызыл кесінді сызды. Көк кесіндіге қарағанда қызыл кесінді неше сантиметрге ұзын?

①

$$\begin{array}{r} \square - \square \\ \square - \square \end{array} \begin{array}{l} \curvearrowright \\ \curvearrowleft \end{array} ? \text{ ұзын}$$

②

$$\begin{array}{r} \square - \square \\ \square - ?, \square \text{ қысқа} \end{array}$$

③

$$\begin{array}{r} \square - \square \\ \square - ?, \square \text{ ұзын} \end{array}$$

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Бос орынға тиісті амалдар таңбасын ата. Қалай пайымдағаныңды түсіндір.

4 см \square 1 см = 5 см

3 дм \square 1 дм = 2 дм

1 см \square 2 см = 3 см

9 дм \square 1 дм = 8 дм

40 см \square 10 см = 50 см


40 см \square 10 см = 30 см

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 Есепті шығар.

Автокөлік бір сағат жолға 10 л жанармай жұмсады. Жанармай осындай мөлшерде жұмсалатын болса, екі (үш, төрт) сағатқа неше литр жанармай қажет?








ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.

1 Әр есепке сәйкес сұлбаны таңда. Олардың біреуін шығар.

- а) Бірінші қатарда 7 көрпе бар, ал екіншісінде одан 3 көрпе артық. Екінші қатарда неше көрпе бар?
- ә) Бірінші үстелде 6 кесе, ал екіншісінде 8 кесе тұр. Екінші үстелдегі кесенің нешеуі артық?
- б) Әжем көрпеге 40 сары ою, одан 20-сы кем қызыл ою тікті. Ол неше қызыл ою тікті?




ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Есептерді оқы. Сұлбаға сәйкес келетін есепті таңдап, оны шығар. Кері есеп құрастырып жаз және шығар.


а) Жайлауда 5 үлкен және 3 кішкентай киіз үй тігілді. Барлығы неше киіз үй тігілді?

ә) Жайлауда 5 үлкен, одан 2-еуі кем кішкентай киіз үй тігілді. Неше кішкентай киіз үй тігілді?



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Барлық сызық түрлерін ата. Кесіндінің ұзындығын өлше.



СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 Ыдысты толтыру үшін, әрқайсысына неше литр сүт құю керек. Өзің осындай тапсырма ойластырып, досыңа ұсын.





ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.

1 Сұрақ қойып, есепті шығар.



Шатырдың массасы 10 килограмм, ал ұйықтайтын қаптың массасы 3 килограмм.



10 кг






3 кг



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Сурет бойынша есептер құрастыр. Олардың біреуін шығар. Кері есептер құрастыр.



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Досыңмен «Мен жорыққа не алып шығамын?» ойынын ұйымдастыр. 10 килограмнан артық зат алмау керек. Жылдам есептеп, нәтижесін тексер. Заттарды таңдап, олардың массаларын ата.



4 Есепте.



$$100 - 30 - 70$$

$$90 - 20 + 30$$

$$80 + 10 + 10$$

$$100 - 50 + 40$$

$$60 + 10 + 20$$

$$80 - 80 + 50$$



СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Қайық 100 кг жүкті көтереді. Оған кімдер отыра алады?






ПЫСЫҚТАУ


Есептер шығарасың.

1 Есептердің қысқаша жазылуы мен сұлбасын тап. Оларды шығар.


- а) Бірінші қоршауда 20 қой, екіншісінде 50 қой бар. Екінші қоршауда біріншіге қарағанда неше қой артық?
 ә) Атамның 70 қойы бар. Оның 20-сы бірінші қоршауда, ал қалғаны – екінші қоршауда. Екінші қоршауда неше қой бар?



$$\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - \square \end{array} \left. \begin{array}{l} \curvearrowright \\ \curvearrowleft \end{array} \right\} ? \text{ артық}$$





$$\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - ? \end{array} \left. \begin{array}{l} \} \\ \} \end{array} \right\} \square$$



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Суретке қара. Күркеде неше тауық бар? Аулада неше тауық жүр? Сурет және сұлба бойынша есеп құрастырып, оны шығар.



3 Әр суретке сәйкес сандардың қосындысын немесе айырмасын таңда. Есепте.



$6 - 3$

$5 + 3$

$6 - 2$

$5 - 2$

$2 + 6$

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ


4 «Сиқырлы» сандар.


$\text{apple} + \text{pear} = \text{banana}$

$\text{banana} - \text{pear} = ?$

$\text{pear} + \text{apple} = ?$

$\text{banana} - \text{apple} = ?$





ПЫСЫҚТАУ

Есептер шығарасың.

1 Есептердің қысқаша жазылуын тап.
Оларды шығар.

а) Күрестен жарысқа бір ауылдан 10 адам, ал екінші ауылдан одан 3 адам кем келді. Екінші ауылдан неше адам келді?



ә) Алтыбақан тебуге 6 ұл мен 4 қыз келді. Қыздарға қарағанда ұлдардың нешеуі артық?



① $\begin{matrix} \square - \square \\ \square - \square \end{matrix} \left. \vphantom{\begin{matrix} \square - \square \\ \square - \square \end{matrix}} \right\} ?$

③ $\begin{matrix} \square - \square \\ \square - \square \end{matrix} \left. \vphantom{\begin{matrix} \square - \square \\ \square - \square \end{matrix}} \right\} ? \dots$

② $\begin{matrix} \square - \square \\ \square - ?, \square \text{ артық} \end{matrix}$

④ $\begin{matrix} \square - \square \\ \square - ?, \square \text{ кем} \end{matrix}$

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Есепті шығар.

Әжей қонақтарға арнап дастарқан жайды. Әлия дастарқанға 8 тәрелке, 6 кесе қойды. Кесенің тәрелкеге қарағанда нешеуі кем?



Кері есеп құрастырып, оны шығар.

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

3 Салыстыр.



50



30



20



10

<

>

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

4 Есепте.



100 – 80
80 + 10
60 – 40
30 + 30





70 + 20
90 – 30
60 – 50
70 – 40



10 + 80
90 – 70
60 + 20
90 – 50

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Қайсысы ауыр?







ҚОРЫТЫНДЫЛАУ


Сурет бойынша есеп құрастырасың.

1 Суреттер және сұлбалар бойынша есептер құрастыр. Оларды шығар.




ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Сурет бойынша есеп құрастырып, оны шығар.



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Сурет бойынша есептер құрастыр.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

4 Есепте. Досыңды тексер.

$60 - 20$

$90 - 10$

$80 - 10$

$20 + 60$

$10 + 90$

$50 - 30$

$10 + 80$

$30 + 50$

$40 + 50$


$70 - 30$

$20 + 80$


$10 + 70$

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ


5 Сурет бойынша салыстыр.



$\square < \square$



$\square > \square$



Жыл мезгілдері, айлар, апта күндері

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ,
АЙЛАР,
АПТА КҮНДЕРІ



ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

Жыл мезгілдері, айлар, апта күндерінің ретін білетін боласың.

- 1 Жыл мезгілдерін, олардың әрқайсысында аталып өтетін мерекелерді айт. Әрбір мезгілде неше ай бар? Оларды ата. Сенің сүйікті мерекең қай жыл мезгілінде аталып өтеді? Осы мезгілдің белгілерін сипатта, достарың оны тапсын.



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

- 2 Есепте. Тексер.

$6 + 4$

$90 - 50$

$100 - 60$

$8 - 7$

$30 + 70$

$20 + 80$

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Тапсырманы орында.

а) Апта күндерін тура және кері ретпен ата.

дүйсенбі

сейсенбі

сәрсенбі

бейсенбі




жұма

сенбі

жексенбі

ә) Есепті шығар. Сұлбаны толтыр.

Балалар дүйсенбі күні 5 жемсауыт, ал сейсенбі күні 3 жемсауыт ілді. Балалар екі күнде барлығы неше жемсауыт ілді?



Кері есеп құрастырып, оны шығар.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

4 Бос орындарға тиісті сандарды ата.

$$8 + \square = 10$$

$$9 - \square = 5$$

$$80 + \square = 80$$

$$80 + \square\square = 100$$

$$90 - \square\square = 50$$

$$80 - \square = 80$$

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

5 Сұраққа жауап бер.

Сырым дүйсенбі күнгі жаттығуда сәрсенбіге қарағанда алысырақ, бірақ сенбіге қарағанда жақынырақ секірді. Ол қай күні ең алысқа секірді?






ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

1 сағатта қанша минут барын білесің.

ЕСІНДЕ САҚТА!



Циферблатқа қара.
Минутты ондықтармен сана. Сағаттың моделін пайдалан.

1 сағат = 60 минут







Минут тілі

1 Неше минут өтті?



МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

2 Сағаттарға қарап, уақытты айт. Қолдан жасалған сағат моделінің минут тілін айналдыр. Уақытты сағат және минутпен ата.





3 Есептердің қысқаша жазылуы мен сұлбасын тап. Оларды шығар.

а) Әлия 6 қазақ халық ертегісі мен 4 орыс ертегісін оқыды. Ол қанша қазақ халық ертегісін артық оқыды?



ә) Сырым 10 халық ертегісін оқыды. Оның 4-еуі – орыс, ал қалғаны қазақ халық ертегісі. Ол қанша қазақ халық ертегісін оқыды?



СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 Сандарды таңдап, мәні 9-ға тең болатын мысалдар құрастыр.



□ + □



□ + □ + □





Шамаларды өлшеу



ПЫСЫҚТАУ

Шамаларды қайталайсың.

1 Әлия ертегі оқыды. Неше минут өтті?




ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Есепті шығар.

Әлия «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісін оқыды. Оған арналған суретті 20 минут салды. Сырым «Аққу ханшайым» ертегісін оқып, суретін 30 минутта салды. Кім сурет салуға көп уақыт жұмсады? Қанша уақыт артық жұмсады?



- → ? артық
 - ←



Есепке басқа сұрақ қойып көр.

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Суретке қара. Сырымның күні бойы не істегенін айт.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

4 Есепте.

$3 \text{ сағ} + 7 \text{ сағ}$

$6 \text{ дм} - 4 \text{ дм}$

$60 \text{ л} + 30 \text{ л}$

$40 \text{ сағ} - 30 \text{ сағ}$

$7 \text{ дм} + 2 \text{ дм}$

$90 \text{ л} - 10 \text{ л}$

$60 \text{ мин} - 50 \text{ мин}$

$70 \text{ см} + 30 \text{ см}$

$40 \text{ кг} + 30 \text{ кг}$

$40 \text{ мин} + 10 \text{ мин}$

$100 \text{ см} - 80 \text{ см}$

$90 \text{ кг} - 80 \text{ кг}$

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Пойыз әр қалаға әртүрлі уақытта жүреді. Егер олардың барлығы таңертең жолға шығатын болса, онда қай пойыз басқаларынан ерте жүреді? Қай пойыз соңғысы болып жолға шығады?



Алматы –
Нұр-Сұлтан



Шымкент –
Орал



Қарағанды –
Алматы




Өскемен –
Алматы



Нұр-Сұлтан –
Павлодар



Нұр-Сұлтан –
Ақтау





ПЫСЫҚТАУ

Шамаларды қайталайсың.

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ


1 Наурыз мерекесінің алдындағы аптада Әлия мен Сырымның жұмыстары көп болды. Олардың не жасап үлгергенін айтып бер.



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Есепті шығар.

а) Көк кесіндінің ұзындығы 5 см, ал қызыл кесіндінің ұзындығы одан 2 см ұзын. Қызыл кесіндінің ұзындығы нешеге тең?



ә) Шешуі $7 - 2$ болатындай кері есеп құрастыр.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Сен карточкаларды қандай топтарға бөлесің?
Ай атауларын, апта күндерін дұрыс ретпен ата.

ақпан

сейсенбі

қаңтар

қыргүйек

қараша

дүйсенбі

сәрсенбі

наурыз

мамыр

желтоқсан

шілде

жұма

бейсенбі

маусым

сәуір

сенбі

тамыз

жексенбі

қазан

1

2

3

4

5

6

7

8

9

10

11

12

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

4 Есепте.

60 кг – 20 кг

90 л – 10 л

80 см – 10 см

20 кг + 60 кг

10 л + 90 л

50 см – 30 см

10 кг + 80 кг

30 л + 50 л

40 см + 50 см


70 кг – 30 кг

80 л – 20 л


10 см + 70 см

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Ең ауыры қай жеміс?



Санды және әріпті өрнектер



ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

Санды және әріпті өрнектерді қалай оқу мен жазуды және оның мәнін табуды үйренесің.

1 Сурет бойынша өрнектер құрастыр.



Санды өрнектер
 $5 + 4$
 $40 + 50$
 $100 - 20$

Әріпті өрнектер
 $a + 5$
 $40 + b$
 $a - 20$

a, b, c, d - латын әліпбиінің әріптері

$4 + a$, мұндағы $a = 5$
 $4 + 5 = 9$

$b - 20$, мұндағы $b = 30$
 $30 - 20 = 10$

Өрнек

Өрнектің мәні





ЕСІНДЕ САҚТА!

Әріпті өрнектің мәнін табу үшін, алдымен әріптің орнына берілген санды қойып, содан кейін амалды орындау қажет.

Наурыз мерекесінің қонақтары

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

2 Әлияға тәтті тоқашты санауға көмектес. Әріпті өрнектердің мәнін тап.



$$a + 10$$

$$a = 40, 50$$



$$b - 10$$

$$b = 20, 30, 50$$

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Бірінші бағанға қосындыларды, ал екінші бағанға айырмаларды жаз. Олардың мәндерін тап.

$$60 - 20$$

$$100 - 70$$

$$8 - 5$$

$$6 - 6$$

$$10 - 5$$

$$5 + 3$$

$$9 - 8$$

$$0 + 50$$

$$50 + 20$$

$$2 + 6$$

$$3 + 4$$

$$9 - 5$$

$$20 + 20$$

$$50 - 0$$

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 Бос орынға қай фигураны таңдау қажет?



1

2

3



?



4




5



6





ПЫСЫҚТАУ

Әріпті өрнектерді оқисың, жазасың, олардың мәнін табасың.

1 Әр есепке сәйкес өрнекті таңда.

- а) Киіз үйдің алдында 3 адам отыр. Егер киіз үйдің ішінде b адам отырған болса, онда мерекеге барлығы неше адам қатысты?
- ә) Егер киіз үйдің ішінде отырған b адамның 3-еуі сыртыққа шығып кетсе, онда киіз үйде неше адам қалды?



b адам

$b + 3$

$b - 3$

$b = 5, 4$ болғандағы өрнектердің мәнін тап.

b	5	4
$b + 3$		
$b - 3$		

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

2 Қыздар мерекеге арнап, моншақтан әшекейлер жасады. $100 - a$ өрнегінің мәнін тап. Мұндағы $a = 50; 20; 80$.



Ауылдағы Наурыз мерекесі

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Әріпті өрнектер жаз.
 $a = 20$ болғандағы қосындының мәнін тап.

Қосылғыш	50	a	70
Қосылғыш	a	20	a
Қосындының мәні			

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 Бос орындарға тиісті сандарды ата.

$$10 + 70 \rightarrow \bigcirc$$

$$60 - \square \rightarrow 20$$

$$\bigcirc + 60 \rightarrow 90$$

$$30 + \square \rightarrow 90$$

$$50 - \square \rightarrow 30$$

$$\bigcirc + 40 \rightarrow 100$$




$$100 - \square \rightarrow 30$$


$$70 + \square \rightarrow 100$$

$$\bigcirc - 50 \rightarrow 10$$

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

5 Суреттегі фигуралардың әр түрін сана.
 Олар қандай түске боялған?





ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

Сан мен өрнекті, екі өрнекті салыстыруды үйренесің.

1 Суреттер мен оларға берілген жазбаларға қара.



$$3 = 3$$

Теңдік

$$2 + 1 = 1 + 2$$



$$3 < 6$$


Теңсіздік

$$2 + 1 < 3 + 3$$

ЕСІНДЕ САҚТА!



Сандарды салыстыру үшін, олардың санды кесіндідегі орындарын салыстыру қажет. Оң жаққа қарай орналасқан сан үлкен болады.



ЕСІНДЕ САҚТА!

Екі өрнекті салыстыру үшін олардың мәнін тауып, шыққан сандарды салыстыру қажет.

2 Ұлттық киімдерді сана.
Сурет бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құр.



$$\square > \square \quad \square < \square \quad \square = \square$$



$$\square + \square > \square \quad \square + \square < \square + \square$$

Қазақстан халықтарының ұлттық киімдері

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Әріпті өрнектерді салыстыр. Оларды түсіндір.



$$a + 2 * a$$

$$a * a + 2$$

$$b - 3 * b$$

$$b * b - 3$$

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

4 Әр суретке сәйкес келетін өрнектерді таңда. Олардың мәнін тап.

	$1 + 6$ $1 + 3$ $3 + 2$ $5 - 2$ $6 + 1$

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

5 Есепке сұрақ қой. Есептің қысқаша жазылуын тап. Оны шығар.

Мерекеге арнап 20 әйелдер, 50 ерлер кәстемі тігілді.

$$\boxed{} - \boxed{} \leftarrow ? \dots$$

$$\boxed{} - \boxed{} \leftarrow ? \dots$$

$$\boxed{} - \boxed{} \left. \vphantom{\boxed{} - \boxed{}}
$$\boxed{} - \boxed{} \left. \vphantom{\boxed{} - \boxed{}}$$$$

6 Есепте.



$$20 + 30 + 10$$

$$60 - 10 - 20$$



$$50 - 10 - 10$$

$$50 + 30 + 10$$



Санды өрнектерді салыстыру

ПЫСЫҚТАУ

Теңдік пен теңсіздік құрастырасың.



1

Суретте ұлттық киім киген неше бала бейнеленген? Ұлдар мен қыздардың санын салыстыр. Музыкалық аспаптары бар балаларды басқа балалармен салыстыр.



Қазақтар Өзбектер Орыстар Украиндар Немістер

2

Теңсіздіктер құрастыр. $\square < \square$ $\square > \square$



$$4 + 2$$



$$3 + 2$$



$$3 + 3$$



$$4 + 3$$

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3

Екі санды, сан мен өрнекті, екі өрнекті қалай салыстыруға болатынын есіңе түсір.

$$50 * 90$$

$$10 + 20 * 30$$

$$50 - 20 * 60 - 30$$

$$30 * 50$$

$$90 - 70 * 60$$

$$100 - 40 * 30 + 30$$

$$70 * 30$$

$$20 + 20 * 30$$

$$20 + 40 * 60 - 40$$

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

4 Суреттер бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құрастыр.



$$\square + \square < \square + \square \qquad \square + \square > \square - \square$$

$$\square - \square = \square - \square$$

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

5 Суреттер мен қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастыр. Оларды шығар.



$$\square - \square$$

$$\square - \square$$

$$\square - ?$$

$$\square - \square = \square$$



$$\square - \square$$

$$\square - \square$$

$$\square - ?$$

$$\square + \square = \square$$


СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

6 «Сиқырлы» сандар.

$$\text{grey crescent} + \text{grey crescent} + \text{grey crescent} = 90$$

$$\text{yellow crescent} + \text{yellow crescent} = 20$$

$$\text{grey crescent} + \text{yellow crescent} = ?$$





ПЫСЫҚТАУ

Теңдік құрастырасың.

1 Есептерді шығар.

- а) Қолөнер шеберлері көрмеге 90 бұйым қойды. Олардың 50-і ағаштан және бірнешеуі саздан жасалған. Көрмеге саздан жасалған қанша бұйым қойылды?

Теңдіктердің қалай жазылғанына қара.

Бос торкөздерге тиісті сандарды таңда.

$$50 + \square\square = 90 \quad 90 - \square\square = 50 \quad 90 - \square\square = 40$$



- ә) Музей залына 20 ұлттық киім және 10 ыдыс қойылған. Барлығы неше бұйым қойылған?

Теңдіктер жаз.

$$\square\square + \square\square = \square\square$$



Қоләнер шеберлерінің көрмесі

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Белгісіз компоненттерді тап.

Қосылғыш	4	4		Азайғыш	10	10
Қосылғыш	6		6	Азайтқыш	4	4
Қосындының мәні		10	10	Айырманың мәні		6 6

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Бос орынға тиісті сандарды ата. Өрнектер жаз.

$$\bigcirc + 10 \rightarrow 30$$

$$100 - \square \rightarrow 20$$

$$30 + 60 \rightarrow \bigcirc$$

$$40 + \square \rightarrow 80$$

$$\bigcirc - 70 \rightarrow 30$$

$$40 + \square \rightarrow 60$$

$$\bigcirc - 20 \rightarrow 30$$

$$\bigcirc + 50 \rightarrow 100$$

$$50 - \square \rightarrow 10$$

4 Көрмеге таңертең 30 адам, ал кешке одан 10 адам артық келді. Көрмеге кешке неше адам келді? Кері есеп құрастырып, оны шығар.

$$\square - \square$$


$$\square - ?, \square \text{ артық}$$

$$\square - \square \rightarrow ? \dots$$

$$\square - \square \rightarrow ? \dots$$

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Сырғаларды төрт қобдишаға теңдей бөліп сал.






ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

Теңдеу шешуді үйренесің.

1 Белгісіз сан қандай әріппен белгіленген?



ЕСІНДЕ САҚТА!



Теңдеу – белгісізі бар теңдік. Белгісізді табу – бұл теңдеуді шешу. Белгісізді әріппен белгілейді.


$$x + 3 = 7$$

$$x = 4$$

4 – теңдеудің түбірі.

2 Теңдеудің түбірін табу үшін, оны таңдап алуға немесе қосу мен азайту амалдарының байланысы туралы біліміңді пайдалануға болады. Теңдеудің шешуін міндетті түрде тексеру қажет. Теңдеуді шеш. Тексер.

$4 + x = 9$
$x = 9 - \square$
$x = 5$
$4 + \square = 9$
$\square = 9$



$x + 5 = 9$
$x = 9 - \square$
$x = \square$
$\square + 5 = 9$
$\square = 9$

Халық ансамблі және аспаптар

ЕСІҢЕ ТҮСІР!

Егер қосындының мәнінен қосылғыштардың біреуін азайтса, онда екінші қосылғыш шығады.

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Теңдеулерді шеш. Сандар мен әріптер қандай түспен берілгеніне қара. Не байқадың?

$$6 + x = 9$$

$$x = 9 - 6$$

$$x = 3$$

$$6 + 3 = 9$$

$$3 = 3$$

$$a + 2 = 9$$

$$a = 9 - 2$$

$$a = 7$$

$$7 + 2 = 9$$

$$7 = 7$$

$$2 + x = 8$$

$$x = 8 - 2$$

$$x = 6$$

$$2 + 6 = 8$$

$$6 = 6$$


ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

4 Теңдеулерді шеш.

$$60 + x = 90$$

$$x + 20 = 70$$

5 Әріпті өрнектердің мәнін тап.



b	8	5
$b + 2$		
$b - 2$		

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

6 Есепті шығар.

Бір кәдесыйды орауға 30 см таспа қажет. Осындай үш кәдесыйды орауға неше сантиметр таспа қажет болады?





ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

Теңдеу шешуді үйренесің.

- 1 Балалар халық аспаптар ансамблінің концертіне келді. Әлия мен Сырымға теңдеулерді оқуға көмектес. Белгісіз компоненттерді ата. Теңдеулерді шеш.


$$5 + x = 7$$

$$x + 2 = 5$$



- 2 Теңдеуде амалдың қандай компоненттері белгісіз? Теңдеуді шешіп, оның дұрыстығын тексер.

$a - 5 = 3$
$a = 3 + \square$
$a = \square$
$\square - 5 = 3$
$3 = 3$



$8 - b = 3$
$b = 8 - \square$
$b = \square$
$\square - \square = 3$
$3 = 3$

ЕСІҢЕ ТҮСІР!



Егер айырманың мәніне азайтқышты қоссаң, онда азайғыш шығады.
Егер азайғыштан айырманың мәнін кемітсең, онда азайтқыш шығады.

Фольклорлық ансамбльдің концертіне барамыз

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Егер теңдеуді шешсең, Әлияның билетіндегі қатар мен орынды анықтайсың.

Қатар

$$40 + x = 50$$

Орын

$$10 - x = 6$$



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

4 Есепте. Досыңды тексер.



$$6 + 4$$

$$100 - 10$$

$$2 + 6$$

$$100 - 80$$

$$7 + 3$$

$$80 - 50$$

$$10 - 7$$

$$90 - 60$$

$$3 + 4$$

$$20 + 40$$

$$7 + 2$$

$$40 - 30$$



МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

5 Сағаттарда концерттің басталу және аяқталу уақыты көрсетілген. Концерт қанша уақытқа созылды? Сағат үлгілерін пайдаланып, өзің тапсырма құрастыр.






ПЫСЫҚТАУ

Теңдеу шешуді үйренесің.


- 1 Сырым анасымен бірге қонақ күтуге дайындалып жатыр. Сөреден 7 тәрелкені алғанда, онда әлі 2 тәрелке қалды. Сөреде барлығы неше тәрелке болған?



Теңдеулерді шешу жолына қара. Теңдеулерде амалдың қандай компоненті белгісіз екенін айт. Оны қалай табуға болатынын түсіндір.


$$\begin{aligned} x - 7 &= 2 \\ x &= 2 + 7 \\ x &= \square \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} \square - 7 &= 2 \\ 2 &= 2 \end{aligned}$$



$$\begin{aligned} 9 - x &= 2 \\ x &= 9 - 2 \\ x &= \square \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} 9 - \square &= 2 \\ 2 &= 2 \end{aligned}$$



$$\begin{aligned} 7 + x &= 9 \\ x &= 9 - 7 \\ x &= \square \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} 7 + \square &= 9 \\ 9 &= 9 \end{aligned}$$



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

- 2 Кез келген екі теңдеуді шеш.

$$50 + x = 70$$

$$50 - a = 30$$



$$a + 20 = 80$$

$$a - 70 = 20$$


ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Есептерді оқы. Есептерді толықтырып, оларды шығар.

а) Үстелде 7 кесе бар. Олардың 4-еуі – жасыл түсті. Қалғандары – қызыл.



ә) Үстелде кесе бар. Тағы кесе қойылды. Үстелде барлығы неше кесе болды?



4 Салыстыр.

$$20 + 30 * 60$$

$$100 * 80 + 10$$

$$30 + 20 * 60 - 20$$

$$70 * 90 - 30$$

$$100 - 60 * 50$$

$$50 + 10 * 100 - 40$$

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

5 Өрнектер құрып, олардың мәнін тап.





ЖАҒАНЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

Санды және әріпті теңдіктер құруды үйренесің.

1 Суретке және санды теңдіктерге қара. Оларды түсіндір.

$$5 + 2 = 7$$

$$7 - 5 = 2$$



$$2 + 5 = 7$$

$$7 - 2 = 5$$

Әріпті теңдіктердің қалай құрылғанын түсіндір.


$$a + b = c$$

$$c - b = a$$



Қосылғыш

Айырманың мәні



$$a + b = c$$

$$b + a = c$$

$$c - a = b$$

$$c - b = a$$

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Суреттерге өрнектер таңда. Суреттер мен өрнектер бойынша есептер құрастыр. Олардың біреуін шығар.



$$10 - 2$$

$$8 - 2$$

$$8 + 2$$



Достарға арналған кәдесыйлар

- 3 Бірінші бағанға санды және әріпті өрнектерді, ал екінші бағанға санды және әріпті теңдіктерді жаз.

$$10 + 40$$

$$9 + 1 = 10$$

$$c + a = b$$

$$b - c = a$$

$$a - 20$$

$$70 - c$$

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

- 4 Теңдіктер құрастыр. Кім жылдам?



МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

- 5 Кәдесыйларды үш қорапқа теңдей бөліп сал. Оларды екі қорапқа теңдей бөліп салуға бола ма?





ПЫСЫҚТАУ

Теңдеулер шешесің,
өрнектердің мәнін табасың.

1 Сурет бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құрастыр.



$$\square + \square < \square + \square$$

$$\square + \square = \square + \square$$

$$\square - \square < \square - \square$$

$$\square - \square = \square - \square$$

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Әріпті өрнектер жаз.
 $a = 20$ болғандағы қосындының мәнін тап.

Қосылғыш	20	a	40
Қосылғыш	a	50	a
Қосындының мәні			

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Теңдеулерді шеш.

$$20 + x = 60$$

$$80 - x = 30$$

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ


4 Есепті шығар.

Сырым бір сан ойлады. Оны 40-қа кеміткенде 60 саны шықты. Сырым қандай сан ойлады? Өзің осыған ұқсас есеп құрастыр. Былай баста: «Мен бір сан ойладым...».



МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

5 Балалар балық аулауға барды. Сырымның қармағы Дәулеттікіне қарағанда ұзын, бірақ Нұрландікіне қарағанда қысқа. Қармақтары кесінділермен белгіленген. Кімнің қармағы ең ұзыны?





ПЫСЫҚТАУ

Шамалар мәндерімен амалдар орындайсың, есептер шығарасың.

- 1 Балалар «Арқан тарту» ойынын ойнады. «Неше» сөзімен сұрақтар құрастыр. Сурет және қысқаша жазылу бойынша есептер құрастыр. Олардың біреуін шығар.



<input type="text"/>	- <input type="text"/>	} ?
<input type="text"/>	- <input type="text"/>	

<input type="text"/>	- <input type="text"/>	} <input type="text"/>
<input type="text"/>	- ?	

<input type="text"/>	- ?	} <input type="text"/>
<input type="text"/>	- <input type="text"/>	

<input type="text"/>	- <input type="text"/>
<input type="text"/>	- ?, <input type="text"/> артық

<input type="text"/>	- <input type="text"/>
<input type="text"/>	- ?, <input type="text"/> кем

<input type="text"/>	- <input type="text"/>	} ? ...
<input type="text"/>	- <input type="text"/>	

- 2 Салыстыр.

70 см + 30 см * 90 см
100 см - 20 см * 70 см
90 кг * 100 кг - 10 кг

50 кг * 80 кг - 30 кг
30 мин + 20 мин * 1 сағ
50 мин + 10 мин * 1 сағ

Таза ауада ұлттық ойындар ойнаймыз

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

3 Кесте бойынша өрнектер құрастырып, олардың мәнін тап.

Қосылғыш	80	30	10	Азайғыш	100	80	50
Қосылғыш	10	40	40	Азайтқыш	10	20	30
Қосындының мәні				Айырманың мәні			

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

4 Жолақтарды өлше. Теңдіктер мен теңсіздіктер құрастыр.




$$\square \text{ см} < \square \text{ см} \quad \square \text{ см} > \square \text{ см}$$

$$\square \text{ см} - \square \text{ см} = \square \text{ см}$$

МАТЕМАТИКА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

5 Нұрдос Бауыржаннан биік, бірақ Сырымнан аласа. Қайрат Дарханнан биік, бірақ Нұрдостан аласа. Дархан ең аласасы емес. Балалардың есімдерін бойлары бойынша ата. Бойлары жолақтармен белгіленген.







ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Өзіңнің біліміңді қортындылайсың.

1 Суретшінің ертегілерге салған суреттерінің саны карточкаларда көрсетілген. Олардың санын ата. Сұлбалар бойынша есептер құрастыр.



ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

2 Теңдеулерді шеш.

$$x - 80 = 10$$

$$10 + x = 100$$

Ертегілер оқығанды жақсы көреміз

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

3 Әлия кітаптың 10 бетін, ал Сырым одан 3 бетін кем оқыды. Сұрақ қойып, есепті шығар. Кері есеп құрастыр.



-

- ?, кем

-

- ?, артық

-

- ? ...

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

4 Жылдам есепте.

10 $\xrightarrow{-3}$ $\xrightarrow{+1}$ $\xrightarrow{-6}$ $\xrightarrow{+2}$ $\xrightarrow{+4}$?

50 $\xrightarrow{+10}$ $\xrightarrow{-20}$ $\xrightarrow{+40}$ $\xrightarrow{-30}$ $\xrightarrow{-50}$?

90 $\xrightarrow{-30}$ $\xrightarrow{+20}$ $\xrightarrow{-50}$ $\xrightarrow{+30}$ $\xrightarrow{-40}$?

5 Теңдеулерді шеш.

$9 - a = 4$

$y - 50 = 10$

$50 + x = 80$




Сен не білесің?



Өз біліміңді қорытындылайсың.

БІЛУ

1 Амалдардың белгісіз компоненттерін ата.



ТҮСІНУ

2 Кесте бойынша өрнектер құрастыр. Олардың мәнін тап.

Қосылғыш	8	50
Қосылғыш	2	10
Қосындының мәні		
Азайғыш	6	100
Азайтқыш	3	70
Айырманың мәні		

ҚОЛДАНУ

3 Теңдеулерді шеш.

$x + 3 = 10$	$60 - x = 40$
--------------	---------------

ТАЛДАУ

4 Есепті шығар.

Жүзу үйіrmесіне 10 ұл мен 20 қыз қатысады. Үйіrmеге барлығы неше бала қатысады?

$$\begin{array}{r} \square - \square \\ \square - \square \end{array} \left. \vphantom{\begin{array}{r} \square - \square \\ \square - \square \end{array}} \right\} ?$$

ЖИНАҚТАУ

5 №4 есепке кері есеп құрастыр.

$$\begin{array}{r} \square - \square \\ \square - ? \end{array} \left. \vphantom{\begin{array}{r} \square - \square \\ \square - ? \end{array}} \right\} \square$$

$$\begin{array}{r} \square - ? \\ \square - \square \end{array} \left. \vphantom{\begin{array}{r} \square - ? \\ \square - \square \end{array}} \right\} \square$$

БАҒАЛАУ

6 Есептеуді тексер. Қатесін түзет.
Дұрыс шешімін жаз.

$50 + 10 = 60$


$60 + 40 = 90$

$90 - 30 = 50$

$80 - 50 = 30$

$70 - 40 = 40$

$50 + 50 = 100$



Не үйрендің?



ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Өз біліміңді қорытындылайсың.

- 1 Балалар Алдаркөсе ертегісін оқыды. Сұрақ қойып, есепті шығар.

Әлия ертегіні 4 минут оқыды, ал Сырым одан 2 минут артық оқыды.



Есепке басқа сұрақ қойып, оны шығар.

- 2 Суреттер мен қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастыр. Олардың біреуін шығар. Кері есеп құрастыр.



<input type="text"/>	-	<input type="text"/>	}	?
<input type="text"/>	-	<input type="text"/>		

<input type="text"/>	-	<input type="text"/>	}	□
<input type="text"/>	-	<input type="text"/>		

<input type="text"/>	-	?	}	□
<input type="text"/>	-	<input type="text"/>		

3 Сурет пен қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастыр. Олардың біреуін шығар. Кері есептер құрастыр.



$$\square - \square$$

$$\square - ?, \square \text{ кем}$$

$$\square - \square$$

$$\square - ?, \square \text{ артық}$$

$$\square - \square$$

$$\square - \square \curvearrowright ? \dots$$

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

4 Есепте.

	4			
	+ 2		- 1	+ 5
				- 3
	+ 3		- 4	+ 2
- 1				
	+ 2			
	+ 1			



ОЙЛАСТЫР
ОЙҢҢМЕН БӨЛІС
ҰСЫН

IV ТОҚСАН

ТАҒАМ МЕН СУСЫН. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ



11

12

13

14

15

Бұл бөлімде:

- 11-ден 20-ға дейінгі сандарды білетін боласың;
- қандай монеталар болатынын білесің;
- қосу мен азайтуға есептер шығарасың;
- кестелер, пиктограммалар, диаграммалар құруды үйренесің;
- логикалық есептер шығаратын боласың;
- әртүрлі белгілері (түсі, пішіні, өлшемі, неден жасалғаны, нысандар әрекеті) бойынша жиындарды ажыратуды және құруды үйренесің;
- кесінді сызу, нүктелі қағазға үшбұрыш, төртбұрыш бейнелеуді үйренесің;
- фигуралар мен оның бөліктерінен композиция құрастырасың.

16

17

18

19

20



20-ға дейін санау

11



16



12



17



13



18



14



19



15



20



11 – он бір
12 – он екі
13 – он үш
14 – он төрт
15 – он бес
16 – он алты
